


БЕКІТЕМІН

«Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК директоры
 **Б.Х.Абдикерова**
« 10 » _____ 02 _____ 2023 ж.



«Шығармашыл кітапханашы - 2023» облыстық байқауының ЕРЕЖЕСІ

I. Жалпы ережелер

- 1.1. «Шығармашыл кітапханашы - 2023» облыстық байқауы (әрі қарай – Байқау) 2022-2023 оқу жылына арналған «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру аясындағы іс-шаралар жоспарына сәйкес өткізіледі.
- 1.2. Байқауды ұйымдастырушы «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК.
- 1.3. Байқау Қарағанды облысының білім беру ұйымдарының кітапханашылары арасында өткізіледі.
- 1.4. Облыстық Байқауға аудандық/қалалық кезең жеңімпаздары қатысады.

II. Мақсаты мен міндеттері

- 2.1. **Байқаудың мақсаты:** кәсіби құзыреттілікті оңтайлы меңгергенін көрсететін талантты, шығармашылықпен жұмыс істейтін кітапханашыларды анықтау, оларды қолдау және көтермелеу болып табылады.
- 2.2. **Байқаудың міндеттері:**
 - кәсіби шеберлік деңгейін арттыру үшін жағдай жасау;
 - жұмыстың креативті және жаңашыл түрлерін айқындау мен енгізу;
 - саланың кәсіби құндылықтарын және кітапханалық қызмет көрсету сапасының жоғары стандарттарын кеңінен тарату;
 - кітапханашы мамандығының оң имиджін қалыптастыру.

III. Байқауды өткізу және ұйымдастыру шарттары мен тәртібі

- 3.1. Байқау келесі кезеңдер бойынша өткізіледі: **2023 жылдың 02 наурызынан 26 сәуірі** аралығы (іріктеу және облыстық).
- 3.2. **I кезең** қатысушылары **2023 жылдың 14 сәуіріне дейін** (қоса алғанда) **biblioteka.umc@mail.ru** электрондық поштасына «Шығармашыл кітапханашы» белгісімен келесі материалдарды жіберу қажет:
 - 1) pdf форматындағы қатысу өтінімі (1 қосымша);
 - 2) байқау жұмыстары электрондық нұсқада.
- 3.3. **II кезең.** Іріктеуден өткен кітапханашылар қатыса алады. Байқаудың екінші кезеңі – **2023 жылдың 26 сәуірінде** онлайн режимінде өткізіледі.
 - 3.3.1. Байқау 2 бағыт бойынша жүргізіледі:
 - «**Буктрейлер - оқушыларға оқуды белсендірудің инновациялық құралы ретінде**» бейнетүсірілім (кез келген кітап туралы еркін көркем түрде баяндайтын бейнеролик) ұсынылады. Ұзақтығы 5 минуттан аспауы қажет (2 қосымша).

- «**2023 жылы мерейтойы аталып өтілетін ақын-жазушылардың шығармашылығын насихаттау**» кітапхана ресурстары пайдаланылған кітапхана сабағының әдістемелік әзірлемесі.

3.3.2. Байқаудың жұмыстары қазақ, орыс тілдерінде қабылданады.

3.3.3. Байқауға қатысушылар жеке әзірлемелерін ұсынады, үшінші тұлғалардың зияткерлік құқықтарын бұзылуына жауап береді.

IV. Байқау жұмыстарына қойылатын талаптар

4.1. Байқауға қатысушыларды бағалау өлшемдері:

- ұсынылған шығармашылық материалдардың нысаны мен мазмұнының тақырыптарға сәйкестігі;

- тақырыптың ашылу дәрежесі;

- авторлық шешімдер мен үйреншікті емес идеялар;

- ақпарат технологияларын пайдалану;

- безендіру сапасы;

- конкурстық жұмысты иллюстрациялайтын қосымшалардың бар болуы: фото, аудио және бейнематериалдар (экран уақытының 10 мин. аспайтын);

- кәсібиліктің, ой өрісінің, білімпаздықтың, құзіреттіліктің жоғары деңгейі.

4.2. Байқау жұмыстары қатысушының сұранысымен бірге ресми хатпен рәсімделіп (шығыс нөмірі, басшының қолы, мөрі болуы тиіс) №1 қосымшаға сәйкес жіберілуі керек.

4.3. Байқау материалдарын бағалау критерийлері: шығармашылық жаңашылдығы, түпнұсқалығы (сценарий және сюжет), идеяның толықтығы, нақтылығы және сауаттылығы, креативтілігі, регламенттің сақталуы, ұсынылған номинацияға сәйкестігі.

V. Байқауды ұйымдастыру комитеті және қазылар алқасы

5.1. Байқауды өткізу және дайындаудың жалпы басшылығы ұйымдастыру комитетімен (әрі қарай – Ұйымдастыру комитеті) жүзеге асырылады.

5.2. Ұйымдастыру комитеті Байқауды өткізу және дайындау кезеңдерінде құрылады.

5.3. Ұйымдастыру комитеті келесі қызметтерді жүзеге асырады:

1) Байқауды өткізу және дайындау бойынша ұйымдастыру іс-шараларын жүргізу;

2) Байқау қатысушыларын тіркеу, Байқау материалдары жинақтау мен өтінімдерін қабылдау жұмыстарын жүзеге асырады;

3) Байқау материалдарының осы ереженің талаптарына сәйкес келуін тексереді;

4) Байқау жөнінде ақпараттық қолдауды қамтамасыз етеді;

5) Байқау ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз етеді.

5.4. Қазылар алқасы келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) Ұсынылған байқау материалдары байқаудың облыстық кезеңінде қорғауға қойылған талаптарға сай бағаланады.

2) Байқау материалдарын сараптау үшін қазылар алқасының құрамы құрылады. Қазылар алқасының құрамы ҚО ББД ОӘО, облыстық кітапхана саласының мамандарынан құрылады.

VI. Байқаудың қорытындысын шығару

- 6.1. Байқау жеңімпаздары мен белсене қатысқандарды мапараттау арнайы хаттамамен ресімделген қазылар алқасының қорытындысы болып табылады.
- 6.2. Байқау жеңімпаздары мен белсене қатысқандар Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының дәрежелі I,II,III орын дипломдарымен және алғыс хаттарымен марапатталады.
- 6.3. Ұйымдастыру комитеті Байқау қорытындысы бойынша арнайы номинациялар мен жүлделер тағайындауға құқылы.
- 6.4. Байқау қатысушылары электрондық сертификаттар алады.

Ұйымдастыру комитетінің мекенжайы: Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы, Қарағанды қаласы, Сейфуллин көшесі 8/2, 205, жұмыс телефоны: 8(7212) 445614, 418200.

№1 қосымша

«Шығармашыл кітапханашы-2023»

облыстық байқауына қатысу

Өтінімі

| | |
|---|--|
| Білім беру ұйымының толық атауы | |
| Қатысушының аты-жөні | |
| Лауазымы | |
| Кітапханадағы жұмыс өтілі | |
| Байланыс ақпараты (телефон, электронды мекенжайы) | |

Басшының аты-жөні, қолы
Мөрі

№2 қосымша

Бейнероликтің талаптары

Бейнероликтің техникалық жағын рәсімдеу талаптары:

Бейнеролик mp4 форматында ұсынылуы тиіс. Басқа форматтағы жұмыстар қаралмайды. Бейнематериалдың өлшем уақыты - 3 минуттан және 200 Мб аспауы тиіс.

Бейнероликтің титулдық бейнепердесінде Байқау атауы, жұмыстың тақырыбы, автор туралы мәлімет (аты-жөні (толық), лауазымы, қала-аудан атауы, білім беру ұйымының атауы, жұмысты орындаған жылы) көрсетілуі тиіс.